

## 2014 жылға субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 252 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қазанда № 2344 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. «Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Жолдасбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н

А у ы л

А .

29.09.2014 жыл

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

Р е с п у б л и к а с ы

м и н и с т р і

М а м ы т б е к о в

Ж а м б ы л о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 2 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 252 қаулысына қосымша

**2014 жылға басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидия нормалары (1 гектарға)**

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	1 гектарға (тонна) бюджеттік субсидия нормалары, теңге
1	Дәнді масақты дақылдар, оның ішінде:	
	жаздық арпа	1 500
	күздік бидай	400
2	Дәндік жүгері	16 000
3	Дәндік жүгері, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және өнеркәсіптік үлгідегі жаңбырлатып суару жүйелерін қолдану арқылы	60 000
4	Сүрлемдік жүгері және сүрлемдік күнбағыс	6 000
5	Таза егілген бір жылдық және көп жылдық шөп	5 000
6	Суармалы түрде көп жылдық шөптерді, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы көп жылдық бұршақты шөптерді және шабындық және (немесе) жайлымдық жерге шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптерді өсіргенде	5 000
7	2, 3 жылғы көп жылдық шөп	800
8	Қант қызылшасы 1 гектарға	30 000
9	Қант қызылшасы 1 тоннаға	1 500
10	Ашық топырақтағы көкөніс-бақша дақылдары	5 000
11	Көкөніс-бақша дақылдары, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және өнеркәсіптік үлгідегі жаңбырлатып суару жүйелерін қолдану арқылы	90 000
12	Қорғалған топырақтағы көкөніс (фермерлік үлгідегі жылыжай) *	3 700 000
13	Қорғалған топырақтағы көкөніс (өнеркәсіптік үлгідегі жылыжай) *	4 000 000
14	Картоп	15 000
15	Қытай бұршағы	15 000

16	Қытай бұршағы, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі жаңбырлатып суару жүйелерін қолдану арқылы	60 000
17	Майлы дақылдар, қытай бұршағын қоспағанда	5 000
18	Қант қызылшасы, ашық топырақта өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі жаңбырлатып суару жүйелерін қолдану арқылы	50 000
19	Қант қызылшасы 1 тонаға, ашық топырақта өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі жаңбырлатып суару жүйелерін қолдану арқылы	1 250

\* 1 дақыл айналым нормалары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК